

Мухитденова А.Т., Ақболат Д.Е.

Қазақстан Республикасындағы этносаралық қатынастар

Мақалада этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласындағы өзекті сауалдар қарастырылады, сол сияқты этникааралық қатынастардың динамикасы зерттелген, этноұлттық саясатқа баға берілген, этникааралық шиеленістің факторлары анықталған, эксперттік баға, индикстер мен көрсеткіштер әдістемесі негізінде қоғамның тұрақтылығына әлеуметтанулық талдау жүргізілген. Мақалада авторлар Қазақстан Республикасындағы этникааралық келісім моделінің негізгі аспектілеріне тоқталады. Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылатын этникааралық келісімге ерекше назар аударылған. Бұл қазақстандық қоғамның негізгі игілігі болып табылады. Мұның барлығы орталықтанған және жергілікті мемлекеттік органдар мен Қазақстан халқы Ассамблеясының тиімді жұмыстарының нәтижесінде болды.

Түйін сөздер: этносаралық қатынастар, ұлттық саясат, этносаралық келісім, конфессияаралық қатынастар.

Muhitdenova A.T., Akbolat D.E.

Inter-ethnic relations in the Republic of Kazakhstan

The article analyzes the current problems in the field of interethnic and interfaith relations, investigates the dynamics of inter-ethnic relations, evaluates the ethnic policy, identifies the factors of ethnic tensions, conducts sociological analysis of the stability of society based on the expert analysis and various indices and indicators. The paper also covers the main aspects of the model of inter-ethnic harmony in the Republic of Kazakhstan. The authors focus on the fact that inter-ethnic harmony is a main priority of the state policy and the fundamental value of the Kazakhstani society. This important asset of the Kazakhstani society, which is an essential and integral part of the history of young independent state, established due to the effective activity of central and local government bodies, as well as the Assembly of the People of Kazakhstan and a number of other factors.

Key words: inter-ethnic relations, national policy, inter-ethnic harmony, interfaith relations.

Мухитденова А.Т., Ақболат Д.Е.

Межэтнические отношения в Республике Казахстан

В статье анализируются актуальные вопросы в сфере межэтнических и межконфессиональных отношений, исследуется динамика межэтнических отношений, дается оценка этнонациональной политики, выявляются факторы межэтнической напряженности, проводится социологический анализ стабильности общества на основе метода экспертных оценок, индексов и показателей. Также в статье раскрываются основные аспекты модели межэтнического согласия в Республике Казахстан. Акцентируется внимание на том, что межэтническое согласие является ведущим приоритетом государственной политики и основополагающей ценностью казахстанского общества. Это важное достояние казахстанского общества, которое является важнейшей и неотъемлемой частью истории суверенного государства, и в большей степени состоялось благодаря достаточно эффективной деятельности центральных и местных государственных органов, Ассамблеи народа Казахстана и целому ряду других факторов.

Ключевые слова: межэтнические отношения, национальная политика, межэтническое согласие, межконфессиональные отношения.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Қазіргі әлем Қазақстанды посткеңестік елдердің ішіндегі саяси жүйесі берік, қоғамдық тұрақтылығы бар, этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынасы үйлесімді мемлекет ретінде қарастырады. Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Қазақстан-2050 стратегиясы Қазақстан халқына Жолдауында: «Азаматтық қоғам және ұлтаралық келісім – біздің басты құндылығымыз. Көпұлтты еліміздегі бейбітшілік пен келісім, діндер мен мәдениеттердің диалогы әлемдік эталон ретінде мойындалды» дегенді айтады [1].

Айта кетерлігі, Қазақстан Республикасының ұлттық саясаты ашық және нақты принциптермен құрылған. Оның ішінде этносаралық қарым-қатынасты күшейту, этносаралық мәселелерді әділ шешу арқылы қоғамдық тұрақтылықты сақтау, заңның үстемдігі, мемлекеттің тәуелсіздігін арттырып, интеграциялық саясатты жалғастыру көзделеді. Қазақстандағы түрлі этностардың мүдделерінің үндестігі мен азаматтардың теңқұқықтылығы қамтамасыз етілген, мәдени-тілдік кеңістігі сақталуына себеп болған осы принциптердің арқасында тәуелсіздіктен бергі уақытта елдің дамуы этносаралық шиеленістер мен қақтығыстарсыз жалғасып жатыр [2].

Этносаралық келісім – мемлекеттік саясаттың негізгі бағым бағыты және Қазақстан қоғамының негізін қалаушы құндылығы. Ол егемен мемлекетіміздің тарихындағы бөлінбес айрықша игілігі. Бұл құндылық негізінен орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, Қазақстан халқының Ассамблеясы мен тиімді жұмысының арқасында қалыптасты.

Қазақстандағы этносаралық келісімнің бірқатар аспектілеріне тоқталатын болсақ, ол да өзге модельдер сияқты белгілі бір талаптарға жауап беруге міндетті. Модель – әрқашан көшірме, ол үлгі ретінде көрсетіліп жатқан ұғымның мазмұнын сипаттап беруге тиіс, яғни қазіргі жағдайда этносаралық келісімді.

Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстанды моноэтникалық емес, көпұлтты мемлекет ретінде құрылымдап, нәсілдік, этникалық, тілдік, діни және өзге де белгілеріне байланысты кемсітуге жол бермеу туралы нақты ұстанымын айта кеткен жөн. «Ұлттық идеяны бір ғана этникалық топтың еншісіне артып қою – сол этностың өзіне де де құрдымға әкетеді.

Көптеген мемлекеттер этникалық көтерілістің жағымды және жағымсыз салдарын дер кезінде түсінбегендіктен ұзақ мерзімді соғыс алаңына айналып кетті» [3].

Қазақстандағы этносаралық келісімді нығайту саясатыны қазақ халқының діни және ұлттық дәстүрі негізінде жүргізіледі. Яғни асқан төзімділік, толеранттылық, сонымен қатар көршілес халықтарды мәдени дәстүрін жатсынбай қабылдау сияқты ерекшелігі бар. Этносаралық диалогтың мемлекеттік деңгейдегі саясаты ғана емес, қарапайым адамның күнделікті қарым-қатынасы негізінде болатын қоғамдық бастаманың діңгегі де осы.

Ұлт өкілдерінің негізгі және екінші сұрыпты болып бөлінбеуі, ішкі бірліктің болуы этносаралық келісімді орнату механизмінің тиімділігін арттырады. Бұл құбылыс тіпті бір отбасы деңгейін қарасақ та байқалады. Мәселен, алалаушылық байқалмайтын, керісінше, өзге ұлт өкілдеріне құрмет көрсетілетін қоғамда өскен бала қоғамға оңай бейімделеді. Қазіргі таңда Қазақстандағы этникалық топтарды ортақ көптеген құндылықтары біріктіреді, ал ұлтаралық қатынастағы адамгершілікті және де құқықтық негізі қазақстандықтардың мүддесі үшін. Басқалай алғанда, адамдардың ұлттық белгілеріне байланысты бөлінуі қоғамдық бірліктің бұзылуына себеп болып, түрлі алауыздыққа әкеліп соғуы мүмкін. Мәдени-ұлттық бірегейлік деңгейінде қалғандар, яғни этникалық азшылық қоғамда бірігіп алып патронаж іздеуі мүмкін, ал байырғы этнос болса жеңілдікті трайбализм жүйесі арқылы іздеуі мүмкін. Қорытындысында барлығы жеңіліске ұшырайды, себебі қоғамның шоғырлануы азаматтық ынтымақтастықты білдірмейді, керісінше кландық бюрократиялық жүйеге әкеледі. Бірыңғай азаматтық қоғамның қалыптасуы үшін Конституциядағы кепілдік бойынша адам құқығын қатаң тәртіппен бақылау керек.

Этникалық азшылықтың негізгі органының үкімет үшін құрылуы көптеген көпэтносты мемлекеттер үшін өзекті мәселе болып отыр. Бұл байланыста, Қазақстан сияқты көпэтникалы мемлекет этникалық топтар және мемлекеттің азаматтары үшін тиімді саясат құруға талпынады. Шындығында қазіргі таңда қоғамдық өмірде болып жатқан әртүрлі салаларға мемлекеттің оның жағдайы және сапасының деңгейіне жауапкершілігі біртіндеп артып келеді. Сонымен қатар, қазіргі таңда қоғамдық қызмет пен азаматтық бастамалар өздеріне жауапкершіліктің көп бөлігін алады, бұл сондай-ақ

тәуелсіз Қазақстанның құрылуындағы алғашқы кезеңдерде болған болатын.

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының Заңы әлемдік тәжірибе мен демократияның фундаменталды принциптеріне негізделген, яғни: барлық азаматтардың теңдігін, адам құқығы мен бостандығын, биліктің үкімет органдарын жалпыға ортақ сайлау құқығы арқылы таңдай алуын, азшылықтың мүддесін мойындауды қамтамасыз етеді. Елімізде этникалық және де діни принциптерге байланысты адам құқығын бұзатын бірде-бір заң жоқ.

Кез келген мемлекеттегі ұлтаралық қатынасты басқарудың формалары мен әдістері бір-біріне ұқсамайды, бірақ кез келген жағдайда мемлекеттік-құқықтық механизм тиімді жұмыс жасауы тиіс және де ұйымдасқан құқықтық құрылғылардың болуы тиімді басқару үшін қажет.

Елімізде Қазақстан Халқының Ассамблеясының құрылуы ұлтаралық жағдайдың дұрысталуына айтарлықтай үлес қосты. Қазақстан Халқының Ассамблеясы этносаралық және конфессияаралық келісімнің стратегиялық бағдарламасын жүзеге асыратын бірегей орган болып есептеледі. 1995 жылы наурыз кезеңінде Қазақстан Халқының Ассамблеясы 2007 жылғы Ассамблеяның алынуына дейінгі аралықта консультативті-кеңес орыны ретінде қалыптасты. Ал жаңасы, яғни 2007 жылғысы үлкен статуска ие болып, Республиканың негізгі заңында белгіленді, сонымен қатар қиын кезеңнен өтіп мемлекеттің стратегиясының бірыңғай формасының төңірегінде әртүрлі механизмдер қабылданды [4].

Қазіргі таңда Қазақстан халқының Ассамблеясы мемлекеттік ресми органдармен бірлесе отырып, жоспарланған превентивті іс-шараларды өткізеді:

- этносаралық қатынастың үйлесімдігі мен рухани-мәдени өзара әрекетті, қазақстандық патриотизмді, қазақстандық бірегейлікті нығайту мен қалыптастыру;

- демократияландыру мен азаматтық қоғам қалыптастыру ісіне қоғамның барлық бөлігінің ат салысуы;

- Қазақстандағы этносаралық қатынасқа сыртқы қауіптердің ықпалын жою.

Қазақстан халқының Ассамблеясы бағдарламалық қызметі ұлттық және мемлекеттік мүдденің артықшылығынан негізделеді, сонымен қатар заңның үстемдігі, адамдар мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының теңдігі, қоғамдық тұрақтылық ұлттық сауалды шешетін

әдіс негіз ретінде, ұлттық мәдениеттің көпжақты дамуы, қазақ халқының тілі мен дәстүрінің дамуы, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікке қарсы бағытталған шараларға тосқауыл болу, шетел мемлекеттерінде өмір сүріп жатқан отандастарды қолдау, халықаралық ұйымдар мен интеграциялық қатынасты және де өзге де мемлекеттердің азаматтық қоғам институтымен қатынасты кеңейту болып табылады.

2007 жылғы Конституцияның өзгерісіне байланысты еліміздің тарихында алғаш рет Қазақстан халқы Ассамблеясында 2007 жылдың 20 тамызындағы Қазақстанның кезекті XIII сессиясында ҚР Парламенті мәжілісінен тоғыз депутат іріктеліп алынды.

Диаспоралардың басшылары Қазақстан халқы Ассамблеясы арқылы ұлттық азшылыққа

жәрдем бөлуді қолдауға ат салысты. Ұлттық азшылыққа квота бөлу бұл 1999 жылы қабылданған Лундтық ұсыныстарға байланысты, сонымен қатар бұл ұлттық азшылықтың б жағдай бойынша мемлекет орталық аппараттың деңгейіне әсер етуші нақты үлеске мүмкіндік алу үшін арнайы механизмдерді құру арқылы қоғамдық-саяси өмірге тиімді араласуы, соның ішінде Италия, Дания, Белгия мемлекеттері сияқты бір немесе одан да көп көп Парламент палатасының орнына көшіру.

Лундтық ұсынысқа байланысты өткізілген сауалнамаға жауап берген эксперттердің көзқарасы, яғни саясаттанушылардың, философтардың, әлеуметтанушылардың, ұлттық-мәдени орталықтардың белсенділері мен өкілдерінің көзқарасы төмендегі кестеде көрсетілген.

1 кесте – Сіздің Лундтық ұсыныстың бөлімдеріне көзқарасыңыз қандай?(сұралғандар пайыздық өлшеммен көрсетілген) [5]

	Толықтай келісемін	Аздап келісемін	Келіспеймін
Парламентте және оның комитеттерінде анықталған мөлшердегі орынды ұлттық азшылық үшін сақтауға болады	61,0	21,9	12,1
Ұлттық азшылық үшін министрлік кабинеті мен орнында, сотта, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі кеңес орындарындағы постты бекітуге болады	51,2	26,8	18,3
Министрлік пен сәйкес азшылық жұмысына серіктестерді тағайындау керек	61,0	31,7	4,8
Компактті өмір сүру үшін бір мандатты округ құру қажет	61,0	28,9	9,7
Ұлттық азшылықтың мемлекетті басқару жолында парламентке өту үшін пайыздық барьерін төмендету	58,5	29,5	8,5
Азшылықтың өкілдігі олардың парламенттегі партиясының бөлшегіне және ортақ ұлттық сайлауда жиналған дауысқа әсер етеді.	51,2	21,9	10,8

Сәйкесінше, жартыға жуық эксперттер этникалық азшылыққа әртүрлі типтегі квота бөлуді мемлекетке қауіп тудырушы ештеңе жоқ дейді. Эксперттердің ойынша, Лундтық ұсыныстың барлық бөлімдері Қазақстан Республикасында жүзеге асуы мүмкін.

Ұлттық мәселелерді тек жоғарғы биліктің күшімен шешу мүмкін емес. Кең көлемдегі қоғамдық бастамаларсыз этносаралық келісімнің қазақстандық моделі 100 пайыз көрсеткішпен жүзеге аса алмас еді [6].

Мемлекет дамудың бағыттарын құрады, схемасын жасайды, жүзеге асыру механизмін құрады, бірақ күнделікті жұмыстағы орында ағымдағы маңызды мәселелерді азаматтық қоғамның қатысуынсыз жасай алмайды. Этносаралық келісім моделінің осы пікірлеріне


қарайтын болсақ, бұнда Қазақстан халқы Ассамблеясының орны ерекше екенін көреміз: бұл қоғам мен билікті біріктіретін коммуникатор. Қазақстан халқы Ассамблеясында этно-мәдени орталық деп аталатын аймақтық бөлімшелердің қызметі айрықша орынға ие. Олардың қатынасынсыз Қазақстан халқы Ассамблеясы шыннайы өмірде болмаушы еді. Тағы да айта кетерлік жайт, Қазақстан халқы Ассамблеясынан 9 депутаттың Мәжіліске таңдалып алынуы билік құрылымының этникалық азшылық өкілдерінің сауалдарын сәтті шешіп жатқандығын көрсетеді.

Осылайша, Республиканың кең көлемінің шартында және де жекелеген этностардың ерекшелігінің спецификасының қатары аймақтарды қолайлы өмір кешуде, мұндай модель екіжақты байланысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі, со-

нымен қатар билік этносаралық қатынаста болып жатқан ақпараттар процесін біліп отыратын болады.

Тағы да айта кетерлік жайт, этносаралық келісім үлкен әлеуметтік топтардың өзара әрекеті, сондай-ақ ол аудандардағы әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени әрекеттерге басымдық беріп бейімделеді. Қазақстандағы этносаралық қатынас эксперттердің басым бөлігінің ойынша «толықтай тыныш» 56%, респонденттердің екінші бөлігі «біршама тыныш» 38%, ал 4% респонденттердің ойынша Қазақстандағы этникалық топтар арасындағы қатынас «шиеленіскен» деп жауап берді. Ал 2%-ы «толықтай шиеленіскен» деген жауапты алға тартты.

1-диаграмма еліміздегі этносаралық қатынасты толықтай көрсетеді.



1-диаграмма – Сіз еліміздегі этносаралық қатынас жағдайын қалай бағалайсыз?

Бұл байланыста респонденттердің басым бөлігі Қазақстандағы этносаралық қатынасты тыныш және этносаралық қатынаста тұрақтылығының анықталған деңгейі бар деп белгіледі. Осыған сәйкес, Қазақстандағы этносаралық тұрақтылықта республика аумағындағы этникалық топтардың мүдде балансын сақтау аса маңызды фактор болып отыр.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық институтының әлеуметтік зерттеу нәтижесіне сәйкес: «Қазіргі таңда этносаралық қатынас саласындағы жағдайды қалай бағалайсыз?»-деген сауалға «жақсы» және «жақсы деуге болады» деген жауаптар келіп түсті: қазақтар – 96,5%; орыстар – 80,7%; «азиаттықтар» – 87,3%; «еуропалықтар» -85,5%.


Аталған саладағы процестерге респонденттер мынандай жауапты ұсынғысы келді: «Сіздің көзқарасыңыз бойынша соңғы жылдары этносаралық қатынас төңірегінде қандай өзгерістер орын алды?». Көп бөлігі «өзгермеді» деген жауапты ұсынды-66,8% [7]. Осыдан келе этносаралық қатынаста қолайлы жағдай орын алған деуге негіз бар, бір жағынан қарағанда этноконфликттілік потенциал көрінеді, өмір сүріп жатқан аймақтарда этносаралық қақтығыстар болып қалуы ықтимал деген қауіп жоғары деңгейде болып отыр. Екінші жағынан, этносаралық қатынаста тұрақсыздық орын алар болса оны шешуге тұрақтылықтың үлкен қоры айтарлықтай жеткілікті. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай этносаралық жанжалға қатысуын әрқашан нығайтып отыру қажет.

Сәйкесінше, көпэтносты және көпконфессиялы құрылымға ие заманауи мемлекет этникалық топтардың саяси одағынсыз болмайды. Бұндай шоғырландыру халықаралық аренада бірлескен ортақ мүддені қорғау үшін және құқықтық-экономикалық кеңістікті қорғауға бағытталған. Осыған сәйкес, ұйымдасқан, интеграциялық, серіктестік күштерді аямай төгу қажет. Мұнда жалпы адамзаттық идеологияның қырларын араластыру да бар, яғни адам құқығы, құндылығы, ұжымдық баланс мүддесі бар.

Қазақстанда анықталған этносаралық шиеленістің табиғатынан болмауын мойындау қажет және де Республикада өмір сүріп жатқан ірі этникалық топтардың жаһандық жанжал тудырмағандығын айта кету қажет. Бұның барлығы Қазақстандағы әлеуметтік, саясаттанулық, әлеуметтік-психологиялық және конфликтологиялық сипаттағы жүргізілген зерттеулердің нәтижесі.

Этносаралық шиеленіс дегенде этникалық топтар немесе оның өкілдерінің оқиғаны шешуге деген жағымсыз әрекеттерінің жағдайы түсіндіріледі. Бұл жағдайлар өзара әрекет етуші ортақ этностардың дискомфорттылығының салдарынан және де айқын әрекетінің бар болуы, сондай-ақ жағдайды назарында ұстағысы келетіндігінің салдарынан туындайды. Аталған жағдайлар құпия формада болады, сонымен қатар өзара әрекет етуші этностарға қарсы дайындық фазасы ретінде түсіндіріледі. Ал егер шынайы қауіп болмаса онда оның қауіпі сезіле бастайды.

Қазақстандағы этносаралық шиеленістердің тууына ықпал етуші факторларды атау -эксперттерге ұсылған болатын.



2-диаграмма – Сіздің ойыңызша қандай факторлар Қазақстандағы ұлтаралық қақтығыстың туындауына әкеледі?

Эксперттердің пікірі бойынша, ұлтаралық шиеленістің туындауына теріс әсер етуші бұл ең алдымен тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендеуі, яғни бұл көрсеткіш 50%-ды көрсетіп отыр, одан кейінгі орында жекелеген қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстардың қызметі – 11%, тіл саясаты – 14%, жекелеген саяси лидерлердің араласуы – 8%, ал ең соңғы көрсеткіш иесі жұмыс орнындағы бәсекелестік – 5%-ды құрады.

Эксперттер бұл байланыстағы қауіптерді бағалай келе, ең алдымен осы ұлтаралық шиеленіс факторларының туындауына ықпал етуші экономикалық категория деп түсіндіреді, яғни әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендеуі мен жұмыс орнындағы бәсекелестік. Ал қалғандары, яғни жекелеген саяси ұйымдардың қызметімен қоса, тіл мәселесі, миграциялық саясат, мектептер мен ЖОО-дағы білім жүйесінің өзгерісі – аталған факторлар саяси, әлеуметтік, мәдени және т.б. (2-диаграмма).

Осылайша, жанжалдағы «ағытқыш ілгек» көбіне әлеуметтік-экономикалық фактор болып табылғандықтан, оны тоқтату және оның қоғамдағы ұлтаралық қатынасының үйлесімдігі үшін өзіндік уақытылы өлшемдерін жасау керек. Заманауи мемлекетті этникалық топтардың саяси одағынсыз елестету мүмкін емес, сонымен қатар заманауи мемлекетке тән белгілер халқы көп этникалы және де көп конфессиялы құрылымға ие болып табылады. Мұндай шоғырлану халықаралық аренада бірлескен ортақ мүдделерді қорғау мақсатында, сонымен қатар ортақ құқықтық және экономикалық кеңістікті қолдау мақсатында түсіндірілуі қажет.

Діни қарама-қайшылық жағдайында әлем елдерінің көптеген аймағында біраз жиі және қолайсыздыққа ұшырататын күйзелістердің көбі ұлтаралық тұрақтылыққа байланысты болып отыр, бұндай сипат тәуелсіздік алған жылдардағы кезеңдердегі Қазақстанға да тән болып келеді. Осы кезеңдерде Қазақстан әлемдік қауымдастықтағы әлемдік діни басшылардың және де саясаткерлер мен саясаттанушылардың жетік бақылауында болды. Дінаралық келісімнің Қазақстандық моделі өз алдына күрделі дінаралық конфигурацияны ұсынады. Сонымен қатар ол Қазақстан Республикасының әлеуметтік-саяси контекстіндегі мемлекеттік-қоғамдық дамуына негізделген.

Дінаралық конфигурациядағы күрделі модель орталығына «Қазақстандағы ірі діндер болып табылатын ислам және православие діндері өз алдына мемлекеттің тұрақтылығында дінаралық өзара байланысты қамтамасыз етеді» [8].

Бұл тұрақтылықтың негізінде Қазақстандағы барлық конфессия арасындағы қатынастағы әртүрлі конфессия өкілінің өзара түсіністік пен толеранттылыққа талпынуы жатады. Қазақстандағы дінаралық қатынас жүйесіндегі конфессиялардың көп қырлылығы бұл – олардың функциясының ерекшелігіне байланысты, сонымен қатар жас өлшемдік және діндарлардың танымдық деңгейіне байланысты.

Діни келісім саласындағы Қазақстандық тәжірибе көбінесе бірегей сипатқа ие. Осы әлеуметтік сауалнама Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық ақпарат және болжау институтының (КИСЭИП) Қазақстандағы 7 аймағында өткізілді: Оңтүстік Қазақстан, Ақтөбе, Шығыс-

Қазақстан, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарында, сонымен қатар Алматы және Астана қалаларында 2012 жылдың шілде-тамыз айларында өткізілген болатын.

Қазақстандағы халықтың басым бөлігі діни жағдайды салмақты қабылдады (58,1%), үштен бір бөлігі қиын (32%) қабылдады, ал 10%-ы болса бұны білмей, қалай анықтама берерлерін де түсінбеді (3 Диаграмма) [9].

Толеранттылық Қазақстанның сәтті және сенімді дамуындағы маңызды фактор болып табылды. Қазақстан халқы діни көпқырлылыққа дәстүрлі түрде шыдамдылықпен қарайды. Бұл дәстүрлі толеранттылық сақталып келеді

және де оның жаңа формалары пайда болуда. Қазақстандық институттың жүргізген әлеуметтік зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Қорындағы әлемдік экономика мен саясаттағы діни толеранттылық ең жоғарғы деңгей ретінде тіркелді. 5-ші диаграмма бұны біраз нақты көрсетеді.

Еліміздің көптеген азаматтары (71.7%) діни салада шыдамды болып табылады. Ал 22%-ы бұған қызығушылықтарын білдірмеді. 2011 жылғы «толеранттылықтың тұрақты өзегі»-деп аталатын сауалнамамен (28.8%) салыстыра келе бұл көрсеткіш 6.2%-ға қысқартылды (2011 жылы 34.8%) (4 Диаграмма) [9.9].



3-диаграмма



4-диаграмма

«Шыдамсыздықты» құрайтын жас ерекшелік тобының 18-44 жастағылары басқа жастағыларға карағанда мұнда екі есе көтеріңкі баға береді. Ал Ақтөбе облысы өзге аймақтармен салыстырғанда «шыдамсыздықтың» айтарлықтай көрсеткішін беріп отыр, яғни – 15,1%. Салыстырма үшін: Астана – 8,1%, Алматы – 9,1%, ШҚО – 1,7%.

Еліміздегі діни жағдайдың бірден бір ерекшелігі ұлттық және конфессионалдық қатыстылықтың ұқсастығы болып отыр. Яғни, Қазақстандық тұрғындардың басым бөлігінің қарастыруынша дін дегеніміз-этникалық мәдениет пен ұлттық дәстүрдің элементі ретінде саналады. Анығында, қазақтар – мұсылман дінінің өкілі ретінде саналса, орыстар-православие дінінің өкілі ретінде саналады. Мұндай ұқсастықтың логикасына тоқталар болсақ, Республикадаға ұлтаралық және конфессияаралық қатынас бір-бірімен өзара байланысты және де конфессияаралық қатынастың қиындауы ұлтаралық қатынастың бұзылуына әкеледі.

2009 жылғы өткізілген ұлттық көшірмедегі ресми тіркеудегі діни қатыстылық мынандай көрсеткіштерге ие болған еді. Қазақстан халқының басым бөлігі (97%) өздерінің нақты бір діннің өкілі ретінде түсірдірген болатын. Яғни, ислам – 70,1%, христиан – 26,1%, өз дінін айтудан бастартқандар – 0,5% [10].

Өзге діндер анығында «жаңа» діни қозғалыс ретінде ұсынылады, яғни олар табиғатынан шетелдік дін, сонымен қатар олардың «дәстүрлі» діннен айырмашылығы «дәстүрлі емес» деген атауға ие болып табылады.

Этникалық қатыстылықтың дінмен сәкестігі ислам және православие діндерінің басымдылығына әкелді. Бұл екі ірі діни топтар-қазақтар мен орыстар, яғни еліміздің тұрғындарының 86,9%-н құрайды. Сәйкесінше, мұсылман мерекесі Құрбан айт және де Рождество 2005 жылы Қазақстанда демалыс күні деп жарияланған болатын. Қалған 13,1% этникалық азшылықтың дәстүрлері ислам және христиан діндерінде белгіленді. Осыған сәйкес, этникалық мұсылмандар саны өсті (мысалға, өзбектер – 2,0%-ға, ұйғырлар – 1,4%-ға дейін), ал христиандық этностар болса азайды (немістер – 1,1%-ға, украиндер – 2,0%-ға дейін). Бұған қарамастан, Қазақстан халқының басым бөлігі өздерін мұсылман деп есептейді. Бұл басқа діндердің бірігуіне кедергі келтірмейді. Осыған дәлел ретінде мұсылмандық емес бағыттағы діни ұйымдардың көбеюін айтуға болады. Елімізде қабылданған діни бірігулердің регистрациясы бойынша олардың жалпы саны 1990 жылдардағы 670 тен 3088 дейін (2012 жылдың қазан айының соңы) өсті және де 17 конфессияны көрсетті [11].



5-диаграмма

Бұл байланыста Қазақстан әлем елдерінің ішіндегі көпконфессиялы елдердің бірі ретінде саналады. Еліміздегі барлық этникалық топтар жоғары деңгейдегі толеранттылықтарын көрсетіп отыр, сонымен қатар ұлтаралық өзара әрекетке дайын екендіктерін де көрсетуде. Мысалға, көпұлтты ұжымдық жұмыстарда, көршілік өзара қатынаста, өзге ұлттың өкілдерімен достықта. Екі ірі этнос ретінде саналатын топтың арасының қазіргі таңдағы сипаты тыныш, бірақ та күрделі және көпдеңгейлі, қарама-қайшы сипатқа ие болып отыр [12].

Қазақстан халқының бірігуінің иерархиясы өзгерген жоқ (5-ші диаграммада). Бұл бойынша: «азаматтық» (48,2%), «ұлттық қатыстылық» (34,6%), «діни қатыстылық» (10,6%) [8,16].

Ұлттық және діни қатыстылық қазақтар үшін маңызды, ал азаматтық-орыс және өзге этностар үшін маңызды. Ал мұсылмандар үшін маңыздысы ұлттық және діни қатыстылық, өзге дін өкілдері үшін азаматтық маңыздырақ болып отыр.

Толықтай алғанда діни жағдай тұрақты болып табылады. Тұрғындардың діндарлығы этномәдени дәстүрмен тікелей байланысты. Өзге дін өкілдері достық қатынасқа ие болып табылады. Кім діни жағдайды шиеленіс деп қарастырса, соған біртіндеп «толеранттылықтың тұрақты өзегін» таратады [9,35].

Қорытындылай келе, Қазақстандағы конфессияаралық қатынастың негізгі принциптерін бөліп көрсетуге болады: мемлекеттің Конституциясы мен заңдары ар-ождан бостандығы мен діни бостандықты қорғап, оған кепіл береді. Конституция кез келген конфессионалдық және этникалық дискриминацияға тыйым салады. «Қазақстан Республикасының ар-ождан және дін бостандығы» туралы Заңы діни бірігулерді функциялаудың құқықтық негізін құрған болатын. Еліміз адам құқығы жөніндегі халықаралық келісімдер мен шарттарға кірді. Оның ішінде БҰҰ-ның осы сала бойынша фундаменталды шартына; мемлекет конфессияның өзіндік функциясын тең және қолайлы шартпен жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Этносаралық және конфессияаралық келісімнің принциптері саясатта және әрбір аймақта орталық орган ретінде жүзеге асады. Конфессияаралық келісімде кең көлемде қолдауға ие болып табылатыны ұлттық-мәдени орталықтар, діни бірігулер болып табылады [13].

Мемлекеттік-конфессионалды қатынастағы барлық көшірілген элементтердің өзара әрекеті және де Қазақстан Республикасындағы жалпы діни кеңістікке әсер етеді. Сонымен қатар, дінаралық келіссөздер құрылады және оларға қолдау көрсетіліп, конфессиялардың Қазақстанда бейбіт келісімде болуына әкеледі. Қазіргі таңда еліміздегі этносаралық жағдай тұрақты деуге болады. Эксперттік сауалнама бойынша, қазақстандықтардың ойынша қоғамдық тұрақсыздыққа әкелетін факторлардың ішіндегі ең бастысы бұл-этносаралық қатынас болып отыр. Өткен жылы Қазақстанда толықтай алғанда этносаралық қақтығыс орын алмады. Бұл мемлекетіміздің ұлтаралық келісімді бекітуіндегі дұрыс қадамдарымен байланысты болып табылады. Яғни, тарихи формалар мен ортодоксальді исламның қазақтардың түсінігінде болмауы, сонымен қатар қазақстан қоғамындағы православиелік ортада діни радикалды дәстүрдің болмауы өзіндік рөлін ойнады. Ұлттық саясат әртүрлі этникалық қауымдастықтың бағытын және өзара байланыстарын реттеп, қызметтерін айқындап отырады. Демократиялық мемлекетте ол былайша түсіндірілмек: құралдар мен әдістер көмегімен этникалық бірлікке негізделген экономикалық, саяси және әлеуметтік тетік, мәдениет пен тіл болып табылады [14].

Осылайша, Қазақстандағы қазіргі жағдайда ортақ ұлттық келісім моделі қалыптасты, оған бірегей деген сипат беруге толық негіз бар. Мұның негізінде танымдық жүйелік құрауыштар бар болып табылады: этникалық, конфессионалдық, мәдени және тілдік көпқұрылымдық түсініктері мемлекеттің даусыз басымдылығы болып есептеледі; Республика территориясында өмір сүретін этностардың тілі мен мәдениетін қолайлы шартпен құру; қазақ этносының шоғырландырушы рөлі; қазақ ұлтының бірлігі.

Әдебиеттер

- 1 Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства». www.akorda.kz.
- 2 Роль и значение этносов Казахстана при вхождении в число 50-ти конкурентоспособных государств: задачи государства и общества – Алматы: Дом дружбы – центр по исследованию проблем межэтнических отношений. – 2008. – С. 89-93.
- 3 Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамура, 2003. – С. 125.

- 4 Официальный сайт Ассамблеи народа Республики Казахстан // <http://assembly.kz/index.php>.
- 5 Лундские рекомендации об эффективном участии национальных меньшинств в общественно-политической жизни с пояснительными примечаниями // Фонд по межэтническим отношениям. – Гаага, 1999.
- 6 Власов А. Модель построения межэтнического согласия в Казахстане. Астана. 19.05.2009 / <http://www.ia-centr.ru/expert/4648/>.
- 7 Межнациональные и межконфессиональные отношения в Республике Казахстан (по результатам социологического исследования): Научное издание. – Алматы: КИСИ при Президенте РК. 2010. – С. 20.
- 8 Н.А. Назарбаев – основоположник казахстанской модели межэтнического и межконфессионального согласия / сост.: А.Н. Нысанбаев, А.Г. Косиченко. – Алматы, 2010. – С. 268.
- 9 Религия в современном Казахстане – оценки населения. Результаты социологического опроса. – Алматы: Институт мировой экономики и политики при Фонде Первого Президента Республики Казахстан, 2013 г. –С. 5-7.
- 10 Итоги национальной переписи населения 2009 года. 12.11.2010. [http://www.stat.kz/news/Pages/n_2_12_11_10\).aspx](http://www.stat.kz/news/Pages/n_2_12_11_10).aspx).
- 11 Агентство по делам религий Республики Казахстан: http://www.din.gov.kz/rus/deyatelnost_.agentstva/religioznye_obedinenija/?cid=0&rid=451/).
- 12 Купагулова Л.Ж. Место этнической толерантности в современном Казахстане. <http://www.group-global.org/ru/publication/view/>.
- 13 Международный центр культур и религий: <http://www.mckr.kz/ru/religions-in-kz/religions-situation>
- 14 Абдуллина З. Этнодемографическая структура Казахстана и особенности национальной политики в Республике Казахстан // Национальная консолидация Казахстана: проблемы и перспективы: сборник материалов круглого стола (г. Алматы, 28 марта 2013 г.) / под общ. ред. З.К. Шаукеновой. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – С. 97.

References

- 1 Poslanie Prezidenta Respubliki Kazahstan N.A. Nazarbaeva «Strategija «Kazahstan-2050»: Novyj politicheskij kurs sostojavshegosja gosudarstva». www.akorda.kz.
- 2 Rol' i znachenie jetnosov Kazahstana pri vhozhenii v chislo 50-ti konkurentosposobnyh gosudarstv: zadachi gosudarstva i obshhestva – Алматы: Dom družby – centr po issledovaniju problem mezhetnicheskikh otnoshenij. –2008. – S. 89 – 93.
- 3 Nazarbaev N.A. V potoke istorii. – Алматы: Atamura, 2003. – S. 125.
- 4 Oficial'nyj sajt Assamblei naroda Respubliki Kazahstan // <http://assembly.kz/index.php>.
- 5 Lundskie rekomendacii ob jeffektivnom uchastii nacional'nyh men'shinstv v obshhestvenno-politicheskoj zhizni s pojasnitel'nymi primechanijami // Fond po mezhetnicheskim otnoshenijam. – Gaaga, 1999.
- 6 Vlasov A. Model' postroenija mezhetnicheskogo soglasija v Kazahstane. Астана. 19.05.2009 / <http://www.ia-centr.ru/expert/4648/>.
- 7 Mezhnacional'nye i mezhkconfessional'nye otnoshenija v Res-publike Kazahstan (po rezul'tatam sociologicheskogo issledovanija): Nauchnoe izdanie. – Алматы: KISI pri Prezidente RK. 2010. – S. 20.
- 8 N.A. Nazarbaev – osnovopolozhnik kazahstanskoj modeli mezhetnicheskogo i mezhkconfessional'nogo soglasija / sost.: A.N. Nysanbaev, A.G. Kosichenko. – Алматы, 2010. – S. 268.
- 9 Religija v sovremennom Kazahstane – ocenki naselenija. Rezul'taty sociologicheskogo oprosa. – Алматы: Institut mirovoj jekonomiki i politiki pri Fonde Pervogo Prezidenta Respubliki Kazahstan, 2013 g. –S. 5-7.
- 10 Itogi nacional'noj perepisi naselenija 2009 goda. 12.11.2010. [http://www.stat.kz/news/Pages/n_2_12_11_10\).aspx](http://www.stat.kz/news/Pages/n_2_12_11_10).aspx).
- 11 Agentstvo po delam religij Respubliki Kazahstan: http://www.din.gov.kz/rus/deyatelnost_.agentstva/religioznye_obedinenija/?cid=0&rid=451/).
- 12 Kupaгуlova L.Zh. Mesto jetnicheskoy tolerantnosti v sovremennom Kazahstane. <http://www.group-global.org/ru/publication/view/>.
- 13 Mezhdunarodnyj centr kul'tur i religij: <http://www.mckr.kz/ru/religions-in-kz/religions-situation>
- 14 Abdullina Z. Jetnodemograficheskaja struktura Kazahstana i osobennosti nacional'noj politiki v Respublike Kazahstan // Nacional'naja konsolidacija Kazahstana: problemy i perspektivy: sbornik materialov kruglogo stola (g. Алматы, 28 marta 2013 g.) / pod obshh. red. Z.K. Shaukenovoj. – Алматы: IFPR KN MON RK, 2013. – S. 97.